

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 1390 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 43 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.12. N 722 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының нысанды киім-кешектің жаңа үлгілеріне көшуі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 қарашадағы N 1390 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

4-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Учаскелік полиция инспекторларының, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияның, патрульдік күзет қызметінің, жол полициясының, мемлекеттік күзет қызметінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті өткеру кезеңінде киетін нысанды киім-кешегі

Күнқағары бар, қара түсті мех құлақшын, қысқы әйелдер кепкасы, қара-көк түсті жүн фуражка, сарғыш түсті нысанды әйелдер кепкасы, қара-көк түсті күнқағары бар кепка, ылғалдан сақтайтын материалдармен көмкерілген қысқы мех күрте, жүннен тігілген шымқай-көк түсті әйелдер пальтосы, қара-ақ түсті былғары костюм (күрте, шалбар), жылы костюм (күрте, комбинезон), қара түсті әйелдер плащы, қара түсті маусымдық күрте, қызмет өткеруге арналған (ашық жағасы бар күрте, шалбар) қара-көк түсті костюм, сарғыш-сұр түсті әйелдер мундирі, қара-көк түсті китель-юбка, шымқай-көк түсті жүннен тоқылған свитер, қызыл түсті матамен жиектелген, сыртқа қайырылған қара-көк түсті шалбар, сия-көк түсті ұзын және қысқа жең жейделер, сия-көк және ашық-көк реңдермен қиыстырылған, ұзын және қысқа жең жейделер, сия-көк түсті ұзын және қысқа жең жейделер (әйелдер жейделері), ақ түсті ұзын және қысқа жең жейделер, ақ түсті ұзын және қысқа жең жейделер (әйелдер жейделері), әйелдердің қосарланған қара галстугі, сия-көк түсті ұзын жең футболка, сия-көк түсті қысқа жең майка-футболка, сия-көк түсті жеңі жоқ майка, қара және көк түсті кашне, қара түсті былғары қолғап, плащ-жамылғы, желбей күрте, сигналдық кеудеше, қара түсті ұзын қонышты хром бәтеңке, қара түсті жылы қысқа қонышты етік, әйелдердің жылы етігі, қара түсті қысқа қонышты хром бәтеңке, қара түсті

әйелдер туфлиі, қара түсті хром етік, қара түсті жүнді теріден тігілген ұлтанды етік, қара түсті былғары жабдық, жалтырауық материалдармен көмкерілген ақ ж а б д ы қ .

Бас киімдер кокардалармен, ал нысанды киім-кешек заттары - погондармен, шымқай-көк түсті жең белгісімен және омырау белгілерімен (жетондармен) жабдықталады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі